Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан
Жазушылары одағы
басқармасының газеті

№ 24 (128). ЖҰМА, 14 ИЮНЬ 1957 жыл. Бағасы 40 тиын.

Гос. рес. библиотека
ИНВ. №

Күләш БӘЙСЕИТОВА



Күләшім

Қыршын жастың қырқылған
Қайғылы халі тұр батып.
Мейірімсіз тағдырдың
Құлады қатал оғы атып.

Көп жүректің жаншылып,
Елжіреген кезі бұл.
Бір минутте үзілді-ау
Бақшадағы қызыл гүл.

Сұрғылт тартып бар аймақ,
Ортақтасты қайғыға.
Ел бұлбұлы Күләштың
Қалды артында бай мұра.

Қайрымсыз ажал қармады,
Қабырғам кетті қайысып.
Суық ұрып солды гүл,
Бағында өскен майысып.

Қанға жерік қара жер
Айқараашты қойынын.
Қатал еді ол неткен,
Бар ма екен оған тойынын?

Көрген жұрттың көзінен
Аяныш жасы саулады.
Ел шолпаны Күләштың
Көп еді алда арманы.

Қазақ, қырғыз егіліп,
Басында тұрды бір жылап.
Қаралы тулар иілді,
Табытқа сұлық тұнжырап.

Қош, Күләшжан, елің бар,
Ел ішінде гүлің бар.
Гүлді әнінді солдырмас
Сіңлің, бауырың, інің бар!

ҚУАНЫШБАЕВ Қалибек.

Бұлбұл үні құлақта

Бұлбұл! Бұлбұл деген атың қандай жақсы еді?! Және бұлбұлдың да артықша асылы бар-ау! Сен сол сайрағыш табиғаттың ең биік төрінде сирек ұшырасатын аса сүйікті де әсем үн едің ғой.

Саған халық-ананың өзі ат қойған. Мынау кең дала, көкшіл орман, заңғар тау аймағын, буырқанған дарья, ұшан теңіз жағаларын жайлаған жалпақ та жарқын елде сені «біздің бұлбұлымыз» демеген жан жоқ. «Күләш бұлбұл», «бұлбұл Күләш» деп, осынау екі сөзді бір түбір іспетті ұғынбаған қайсы? Жоқ ол.

Қайран бұлбұл қыз! Сен сұлулықтың шынайы досы, таза махаббат пен бірліктің, биік адамгершіліктің тамаша жаршысы едің. Сен сайрағанда тағы бір шаттық жақындағандай, тағы бір ғажайып таң атып келе жатқандай сезінуші едік.

Рас, туған мекенің де күнестегі әдемі тау, әсем бақтың саясы болатұғын. Рас, сен өз жаныңдай кіршіксіз мөлдір бұлаққа сәбише күле қарауға құмар болдың. Мөлдіреп қарауды—бұлақтан, жадырап күле қарауды Отанымыздың ақжарқын күнінен үйрендің.

Мөлдір бұлақ сәулесінен сонау биіктегі ақша бұлтты талай көрдің. Бір кезде кішкене басыңа бөкебай болған, үй қоянының түбітіндей әсерлі ақ бұлт бертін келе қиялыңды ғана емес, өзіңді де көк жүзінде қарсы алатын болды: сен нелер шыңдар үстімен бақыт көгіне талай-талай ағып ұшып, сапар шектің.

Адам өмірдің жолаушысы ғой. Әркім-ақ бел-белеске үдере қонып, өтер болар. Бірақ, сен бірыңғай жайма-шуақ емес, не бір сұрапыл мезгілдің де тынымсыз ауыр сапарын, сын сағаттарын басыңнан өткердің: күрестің ылғый алдыңғы шебінен, қашан да арпалыс ішінен табылып, бұрынғыдан да асқақ сайрадың, отаншыл жүректер санатында өмірді қорғауға ұрандадың, ұлы жеңістің хабаршысы болдың.

Өнімді ой дүниесінің, орасан үлкен қайраттың қайнар-бұлағы бар еді сенде. Арғы-бергіден қалған данышпандық пен өз ғасырыңның даналығы сені дәйім қанаттандырып, аз өміріңде қай биікке самғатпады сені!.. Сертіне берік мәңгі жастықтың ұлы тұлғаларын сенің өшпес талантың көкейімізге ұялатқан. Қайтіп қана ұмытармыз біз оны?!

Қатал заман мазағына берілмей, жыртқыш тырнақтан пәк денесін ала қашқан ару Қыз Жібек ендігі тарихта сенімен бірге.

Ұрпақтар жүрегінде екеуің бір ұғым болып өмір сүресіңдер. Уа, Татьяна! О да сенімен мәңгі туыс. Данышпан қыз махаббаттан айықпас дерт тапқан шағында күсадан ұзақ уақыт жалғыз қалып, жан шерін арман-өкінішін хатқа жазар еді. Ащы дауыспен алыс-алыс шырқар еді.

Залдан неше дүркін жылап шықсақ та Татьянаға қайта-қайта келуші едік, гүл апарып беруші едік біз оған. Татьяна гүлін ақ жүзі сәл ғана тершіген қазақ бұлбұлы қабылдар еді. Қара көзі жадырап: «Рахмет!» дер еді ол бізге. Жаңа ғана сахнада ұлылықпен еркін тілдескен бұлбұл қыз ойыннан кейін жымыя күлер еді де, қалың көптің арасына еніп, көзден ғайып болушы еді.

Айта берсек, Күлекең де бір жыр-дастан ғой. Осы жырды шертпек бізге парыз да. Ол атқарған әр роль өзгеше бір хикая десе болғандай-ау.

Сырласа келіп, бір образ жайлы сұрасаңыз: «Мен сөйлей білмеймін ғой және айта қоярлық дәнеңе де болған жоқ қой» — деп, тағы да сәл жымиып күлер еді, сөздің бетін қайтсе де басқа бір жаққа бұрар еді. Жаңағы Татьяна образы жайлы бұдан оншақты жыл бұрынғы бір әңгімемізде (газет тарапынан болған ресми әңгімеде) дәл осылай дегені әлі есімде. Енді ойласаң, бұл да ұлылық екен.

Халықтың асыл қызы қайтыс болды. Біз енді Күләшсіз қалдық. Аяй білмес ажал табиғат заңынан да тысқары асығыстық істеп, оны біздің арамыздан тым-ақ ерте әкетті. Аса ауыр қаза болды бұл. Міне, осындай зілді сағатта жан сергітердей бір дәруіш болмаса, көркем ұғымды құрметтей білетін әр адамның жаны жүдеген болар еді. Пушкинсіз Россияның бетіне қайтіп қана тура қарай аларсың?—деген Гоголь қайғысы басқа түсер еді. Сол қасіреттен бізді сақтайтын дәруіш——заман күші. Таланттың өлімін мойындамайтын, оны әр қашанда өмірде деп есептейтін заман ұлылығына осындайда ерекше бір мақтанышпен бас иеміз.

Өмір бойы көкірегін құрметке, құшағын гүлге толтырып өткен ұлы таланттың тәтті үні құлақта, ыстық жүректің терең түбінде. Оның үні әр үйдің сандығында да сақтаулы қалды. Халық қашан болса да сүйікті бұлбұлын сайратып қойып, рахат құшағында өмір кешеді. «Жер алды» деген ұғымнан айнып да ол әлі. Күләш деген асыл аты да нелер сәбимен бірге жарық дүниеге сан рет оралар.

Адам соңынан адам жетілметін, кейінгінің алдыңды толқыннан да озық болмағын көздеу—Күләш өмірінің көпке мәлім өнегелі тәртібі еді. Осы ережені ардақтап өткен ол не бір алғыр таланттарға ұстаз болды. Бұған қоса өнер әлеміне келмей жатып, көкірегі ісіп-кебетін даңғойлардың шенеу де кішкейіл, қарапайым асыл жанның кейінгіге бір мұрасы есепті. Бұдан аз жыл бұрын осындай бір әңгіміміз жайлы ол былай деп еді:

— «Москва» қонақ үйінде мен бір жақсы көретін сіңлімнің бөлмесіне келдім. Бөлменің ортасындағы стол үстінде орыдық, оның үстінде өзі ән салып жаттығып тұр екен. Осы қалпында мен оны онша жақсы көрмей қалдым: кісі өскенде солай да биіктей ме?

Міне, бұл барынша сыпайы айтылған қатал әрі әділ сын. Мұндай сынды көркемөнер пайдасына Күләш әр қашанда жұмсай білді.

Я, Күләш аса талантты, ғажайып әнші, ұлы актриса, адамгершілігі мол асыл жан еді. Сол себепті де ол әр үйге туыс, жақын сезілді. Сол себепті де оның елге таныс дидары лахатқа түсерде көп ұлтты қала халқы тұтас күңіренді. «Хош бол, бұлбұл!» деген сөздерді зират ішіндегі ну бақтың әр бұтағы қазақ, орыс, қырғыз, ұйғыр тілдерінде күрсіне сыбырлағандай болды. Марқұмның өзі сан рет шырқап, құлаққа әбден үйреншікті болған «Енді есен бол, туған ел» ариясы жауап қатты халыққа. Сол сәтте әркімнің ой түкпірінде бұлбұл қайтадан сайрап кетсе керек, ашық көкке атылған оқ найзағайша шатыр-шұтыр ете қалғанға дейін бүкіл жамағат тынып, ұйып қалды...

Жылдар өтер. Қасиетті қабір үстінде талай гүл өсер де семер. Бірақ асыл жанның мәрмәр мүсіні Алатауға, сонау алыс шатқалдағы мәңгі жас қарағайларға өзінің өмірдегісіндей күле қарап тұрар: Уақыт оның ақ дидарын әр жолы шыққан күн шапағымен, нұр жаңбырдың гәусеріменен жуар. Ұрпақ соңынан ұрпақ келер, ел жерге: үнсіз тұрып, өшпес даңққа бас иер.

ЕРҒАЛИЕВ Хамит.

Күләшпен қоштасу

Өткен жексенбіде Қазақстан астанасы сан миллион совет халқының аса аяулы қыздарының бірі, қазақ сахнасының ұлы шебері Бәйсеитова Күләшты қайтпас сапарға шығарып салды.

Саналы өмірі мен келісті мәдениеті кешендеу дамыған қазақ халқы көркемөнер дүниесіне көптеген дарынды перзентін берді. Құрманғазы мен Біржан, Ақан мен Дәулеткерей, Тәттімбет пен Әміре — бұлардың бәрі де қазақ көркемөнерінің жарық жұлдыздары болатын. Олардың мәдени мұраларын разы халқы кір шалдырмай ардақтап, заманнан-заманға, ұрпақтан-ұрпаққа алып келді, алуан ұлт, сан елдің игілігіне айналдырды. Марқұм Күләштың да ел қадіріне бөленген есімі даңқ көгіне қарыштап шығып, енді міне ажал деген мейірімсіз түнектен жұлдыз боп қана көзге түседі. Ол енді арамызда жоқ, мәңгі жоқ.

...Таңертеңгі сағат 10. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының маңы халыққа лық толы. Сүйікті әншісіне, қазақ жерінің бұлбұлына «қош» деген соңғы ыстық сөзін айтуға келген жұрт тізбегі көшеден-көшеге ұласып, жым-жырт тұр. Тұнған қайғы, үнсіз өкініш...

Сағат тілі он жарымда. Марқұммен қоштасар кез басталды. Театр үйінің екінші қабатындағы кең вестибюльде гүл шоғына көмілген Күләштың табыты тұр. Алматы еңбекшілерінің, қаладағы қоғамдық ұйымдар мен коллективтер өкілдерінің ұзыннан-ұзақ тізбегі ардақты адамының мәңгі ұйқысын бұзбайын дегендей аяқтарын жай басып, табыт тұсынан өтіп жатыр, өтіп жатыр... Тоқтау да жоқ, шек те жоқ.

Коммунистік партия мен совет үкіметінің қазақ халқына жасаған баға жетпес көп жақсылығының тірі бейнесі марқұм Күләш еді. Елеусіз еді бір кезде, есімі бүкіл елге тарады. Мінекей, оның табыты тұсынан қазақ ғалымдарының бір тобы өтіп барады. Мүмкін, бұлардың да ең тәтті балалық шағы ескі ауылдың көңілсіз көлеңкесінде өткен болар... Оларға іле-шала Қазақтың Құрманғазы атындағы консерваториясының бүлдіршіндей бір бөлек студенткалары келеді. Бұлардың тағдыры бір басқа. Өмірдің татымсыз талқысын бастан кешірмеген, мұңсыз ұрпақ. Бар тілеуі алдында, аңсағаны жақын жастар. Кім білсін, кейде оңаша бейуақта олар да Күләш төрізді дүние жүзі сахналарын аралауды құпия арман еткен болар. Бірақ бүгін олардың жүздерінде қасіреттізі бар. Ұлы ұстазын қимайды, жас жандары қиналып келеді.

Табыт басындағы құрметті қарауыл үздіксіз алмасып жатыр. Сүйікті досына, қадірмен жолдасына ақырғы борышын өтеп, қарауылда қазақ сахнасының қарт гвардиясы тұр: Қуанышбаев Қалибек, Жандарбеков Құрманбек, Омарова Жамал, Қожамқұлов Серке, Шара, Өмірзақов Елубай, Күләштың жар жолдасы, жан серігі Бәйсеитов Қанабек... Жазушылар мен композиторлар, партия, совет қызмегкерлері мен музыканттар бірінің орнына бірі келіп, марқұмның қасында үнсіз тұр.

Ел азасына ортақтасып, опера театрының симфониялық оркестрінен Бетховен мен Чайковскийдің, Шопен мен Листтің қаралы марштары күңіренеді. Музыка үні қайғылы-ақ, аңырайды да аһ ұрып күрсінеді, егіледі де уһ деп сергиді. Марштар сазына кенет қазақтың атақты «Елім-айының» зарлы толқыны араласып, залдағы ауыр аза бар салмағы, бар зілімен еңсені езіп, отжалын боп ауыздан қайта атылады. Оған ілесе «Қыз Жібектің» соңғы актісіндегі «Дүние-ай» кетті егіліп.

Халық болса өтіп жатыр, өтіп жатыр... Күләш марқұм өзінің Алатау асқарындай алып талантын бір ғана қазақ халқы емес, Отанымызды мекендеген барша халықтардың игілігіне арнаған еді. Міне, табыт тұсынан үш бірдей қарт орыс өтіп барады. Күләшқа туған қызындай емірене қарайды, қарайды да жылайды. Олардың соңында бір топ қазақ жігіттерімен аралас, орыс келіншегі келеді. Қолына көтерген қыз баласы ұйқтап барады. Кім білсін, ана құшағындағы нәрестенің алдынан Күләш даңқындай жарқын даңқ тосып тұрған болар.

Залға бауырымыз қырғыз халқының искусство шеберлері кірді. Күләшпен достығы жарасып, ұзақ жыл үлкен даңққа еншілес болған қырғыз бұлбұлы Қизібаева Сайра екі елдің дәстүрі бойынша, табыт басына дауыс айта келіп, қырғыз халқының атынан гүл шоғын қойды. Туысқан ұйғыр халқының «Қош!» деген ақырғы сөзін ұйғыр искусствосының өкілдері жеткізді.

Залдан өтіп жатқан ел нөпірі таусылар емес... Түс ауып, сағат 4-ке таяп қалды. Күләшпен қоштасудың ақырғы минуттары. Табыт басында Қазақстанның үкімет пен партия басшылары, марқұмның жақын-жегжаттары мен туған-туысқандары ғана қалды. Олар Күләштың сүйегін сыртқа шығарып, масаты кілем жабылған машинаға қойды. Азалы шеру зиратқа бет алды.

Ашық машинадағы табыт басында Совет Армиясының жауынгерлері құрметті қарауылда тұр. Қыбыр етпей, көк қаруды қымтыл ұстайды. Машина соңында көше керней ағылған мұңды халық. Ел шеруі ілгері басқан сайын көлденең көшелерден лек-лек жұрт ілесе берді. Бас киімдерін алып, жәй ілбиді. Еңсені езген ауыр қазаның салмағынан қара жер қайысқандай.

Оркестр азалы күй тартқанда жан тебірентер қайғылы үн уһ деп тағы да бір күрсін арман шығарғандай. Шеру алдында искусство шеберлері мен жас ұландар көтеріп келе жатқан қызыл мақпал жастықшаларда орденлер мен медальдар күнге шағылысып жарқырай түседі. Әнші Күләштың, мемлекет қайраткері Күләштың ғажап өнерін жоғары бағалап, халқымыз тартқан қымбатты сыйлар бұл.

Венок дегеннен көз тұнады. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінен, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумынан, астананың көптеген ұйым, мекемелерінен, жоғары оқу орындарынан, мектептерден, марқұмның достарынан, тума-туысқандарынан, жан қосағы Бәйсеитов Қанабектен қойылған веноктар. Осы бір қызыл-жасылды көп венок аялы Күләштың ақырғы жолына жайылған гүл кілеміндей.

...Қабір басындағы қаралы митингіні қалалық совет аткомінің председателі Әділев Ахмет ашты.

Қазақ ССР Мәдениет министрі Қанапин Әмір сөз сөйлеп, Бәйсеитова Күләштың жемісті өмірін, дарынды өнерін, өнегелі еңбегін баян қылды.

Қадірлі құрбысы, өнерлес досы туралы Қизібаева Сайраның тебірене сөйлеген сөзін жиналғандар ет жүрегі елжіреп, егіле тыңдады.

— Қош, бауырым, қош, бұлбұлым, Күләнтәйім! — деп көз жасына булығып, мінбеден түскен Сайраны Күләштың жеткіншек сіңлілері қаумалай сүйемелдеп барады.

Жоқ, Күләш дүние салғанмен, оның өрен өнері, асқақ әні өлген жоқ. Көк өрімдей қаулап өскен жас жеткіншектер «Гәккуді» заманнан-заманға шырқай бермек.

— Домбырамыздың бір шегі үзілді, сондықтан да қайғылымыз, азалымыз, — деді Қазақ ССР халық артисі Аймаков Шәкен. — Күләштың орны көпке дейін толмайды. Ол бізге әнімен ғана емес, сол әнге, көркемөнерге шын берілген абзал, ыстық жанымен де қымбат еді.

Митингіде Қазақ ССР халық артисі Жандарбеков Құрманбек, Қалалық партия комитетінің секретары Доспанова Қиуаз, ақын Тәжібаев Әбділдә, Қазақ ССР халық артисткасы Валентина Борисовна Харламова сөз сөйледі.

Оркестр ССР Одағының мемлекеттік гимнін ойнады. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, мемлекет қайраткері, ССР Одағы халық артисткасы Бәйсеитова Күләшқа әскери құрмет белгісіне әуеге үш дүркін оқ атылды.

Күләшты қою жөніндегі үкімет комиссиясының мүшелері, марқұмның туғантуысқандары табытты қабірге қарай алып жүрді. Мәңгі қоштасар алдындағы ақтық минуттар...

Оркестр Күләштың сүйікті «Гәккуін» күйзеле тартып тұр. Сайсүйегі сырқырамаған, жан жүйесі босамаған жан қалмады. Өксіп жылағандар, көз жасын үнсіз сықсқандар, аяулы Күләшты қатыгез қара жерге қимай тұрған қалың топ...

Мейірімсіз ажал халқымыздың теңдесі жоқ бұлбұлын арамыздан ерте алып кетті. Жас еді, жалын еді, ерте өшті, бейуақытта сөнді.

Қош, Күләш! Топырағың торқа болсын!

АЛЫСТАН ӨСЕ БЕРЕР ТҰЛҒАЛАНЫП

Қазақтың көзін жұмды бұлбұл қызы,
Үзілді сабағынан гүл-қырмызы.
Жарқ етіп көрінді де ағып түсті
Алматы аспанының бір жұлдызы.

Сөнгендей Ақжүніс пен ақын Сара,
Семгендей Қыз Жібек пен Татьяна.
Аққуы айдын көлдің асыр салған
Оқ тиіп құлағандай қапияда.

Алатау қабырғасы сөгілгендей,
Бұлытқа бой алдырып жеңілгендей.
Кеудені жарып шығып жан қайғысы
Көздерден жаңбыр болып төгілгендей.

Жаралған әсем ән мен жаны жырдан
Күн болды Күләш енді сағындырған.
Құйқылжып естілер ме өз аузынан
Дауысы оркестрді бағындырған.

Таранып өскен тоты күн нұрына,
Ұқсаған үні бұлақ сынғырына,
Сыланған сахнаға қайта шығып
Қонар ма кербез сұлу тұғырына!

Қанатын қағарында кең көсіле,
Ажалдың душар болды кермесіне,
Бөленген қызыл гүлге суіреті
Әр үйдің ілулі тұр бөлмесінде.

Бал мінез болар сондай бір кісіде,
Біз оның сағынармыз күлкісін де.
Сағынған сайын біздер сезінерміз
Жүргендей ұлы әнші жұрт ішінде.

Өмірдің өзенінде жылдар ағып,
Келешек келе берер күн жаңарып,
Жақыннан кейде оны байқамасақ,
Алыстан өсе берер тұлғаланып!

МӘУЛЕНОВ Сырбай.

САҚТАРМЫЗ МӘҢГІ ЖАҚСЫ ӘНДІ

Елімнің ерке бұлбұлы,
Ертерек кеттің, қош, Күләш!
Қазаңның қыйнап зар-мұңы,
Қамыға жүрек төкті жас.

Халықтың атын шығарған
Қадірлі сонша бір бала ең.
Жасында шырқап шығаннан
Бақытына соның жырлап ең.

Алатау, Арқа, жапанды
Сыңғырай бөлеп ән, күйге;
Қуанттың күнде Отанды,
Әніңмен кіріп әр үйге.

Елің де сені көтерді,
Қаласаң: жұлдыз, күн қадап,
Ішінен енді кетерде,
Жырлады және гүлге орап...

Қапыда қазақ тым батты,
Халқыңды қатты күрсінтіп;
Талайды тербеп жырлатты,
Талайдың көңілін шер тұтып...

Анандай арып асқарың,
Әжімді жүзін бұлт басып;
Қарады мөлт-мөлт тастарың,
Сайлардан өкси су тасып.

Желпіді жер де перзентін,
Кеудеңе салқын нұр бүркіп;
Қайрылды бұлт та кей дүркін,
Көзіне жасын бірге іркіп.

Аралай жүріп атырабын,
Әндеткен өзін еркелеп,
Тұқыртып тудай жапырағын,
Жолыңа төнді бәйтерек.

Жасыңнан қонып сайраған,
Жөнелдің тастап бақшаңды...
Өзіңдей бірақ жайнаған
Сақтармыз мәңгі жақсы әнді!

ОРМАНОВ Ғали.

ҚАБІРГЕ ҚОЙҒАН ГҮЛІМ БҰЛ

Әрбір ғажайып тұлғаның гүл жарып, шешек атуы алғаш сәттен-ақ ел махаббатын, жұрт қадірін өз бойына баурап әкететін әдеті емес пе?! Шын жүйріктің шығанға шырқар деңгейі ә дегеннен жалт етіп, жарық беретіні кімге таныс?! Біздің Күләш осы сындас, таң шолпанындай тамаша талант еді ғой.

Заманасының, замандасының келбет-кейпін, ажар-көркін таңдай қаққандай сыйпатта танжылтпай бейнелейтін өнер алғырларын тарих таразысы көптен біледі. Ән сүйетін, ән ардақтайтын құмра бұлбұл-сандуғаштың сайрар шағы қандай қызықты, қандай әсерлі, қандай қымбат десеңші! Айлар өтсін, жылдар жылжысын, мейлі, өршіл өнерімен танылған адам аты аңызға айналып, қауымның құрметіне бөленбей ме!

Күләштың күн сыпатты есімін атасам, оның сүйкімді жылы жүзін еске алсам, осы ойдың, осы сөздердің қамауында қаламын да қоямын.

Күләш өзінің бүкіл тірлігін, ой-арманын, жан сезімін сахнаға арнады, ол өз еншісін, бақыт-бағын сахнадан тапты десе де болады. Қазақ сахнасының шынасылтасы, шынайы көркі болғанына талассыз жан таңпассын.

Күләштың балалық шағы бейнетпен өткен. Оқуға жағдайы болмады. Жастайынан тырбанған тіршілік талқысына түсті. Бірақ жабырқаған Күләш жоқ. Күйрықты жұлдыз секілді қараңғыны жарып өтер, жарықшағы жоқ жарқын өнері тұрмыс тұңғиығын түре сілкіп, өмір өріне самғады. Сахнадағы Күләштың салтанаты, өмірдегі кейпі де сәнді еді. «Қыз Жібектің» төртінші актісінде Төлегеннің қайтпас сапар шеккенін еститін сәтте Күләштың Жібек образына терең бойлағаны соншалық, оның көзіне моншақтап кәдімгі жас келетін, егіліп жылайтын. Бір күні Күләштан осы сәтте өзін қандай сезім баурайтынын сұрадым. Сонда: «Менің шын жылайтын себебім, мен Жібекшін, сүйгенімнен, арман еткен ардақтымнан айрылған жанмын. Солай сезінбесе, солай тебренбесе Жібек—Жібек бола ма! Азапты да рахатты сезімдер бойымды билеп әкетеді», дейтін марқұм.

Күләш барынша еңбеккор адам еді. Ол сахна өнерін жанындай қымбат санайтын, ауырдың үсті, жеңілдің астымен келген жеңісті жек көретін.

Күләш Бәйсеитованы советтік қазақ искусствосының мақтанышы мен даңқы дегенде еңбек пен шабыт шаттығын, актерлік шеберлік пен тас-бұлақтай мөлдіртаза дауысты, әдеп пен адамгершілікті астастыра білгенін, зор азаматтық қасиетін қастерлей еске алғанымыз жөн.

Тосын қаза қазақ совет искусствосын жасаушылар қатарынан аса ардақты, қаймас адамды алып кеткенін көрдік. Сел боп аққан көз жасын, жан қайғысын, ел қайғысын айтып жеткізе алар тіл қайда!

Ай артынан ай өтер, жыл артынан жыл келер, қазақ искусствосы әлі де гүлдене берер, кемелдене берер. Бірақ қазақтың тұңғыш ұлы сахнаназы, теңдесі жоқ асқан әншісі, тіл байлайтын ғажайып үнді бұлбұлы Бәйсеитова Күләштың қасиетті есімі кеңпейіл қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталар да мақталар.

Евгений БРУСИЛОВСКИЙ.

Қош, Күләш!

—Дүниеден Күләш қайтпас сапар шекті,—
Жүрекке қара хабар ызғар төкті.
Аққудың гәкку әні тұншығар ма,
Япырмау жоғалттық па Қыз Жібекті?!

Тал түсте күңгірт тартып терезесі,
Шөккендей еңселі үйдің кенересі.
Күмілжіп, қарт домбыра тына қалды
Қапыда үзілгендей бір пернесі.

Елге арнап өмірінің мөлдір шағын,
Тербеткен әдемі әнмен гүлдің жанын,
Ерте ұшқан орманынан ерке бұлбұл,
Қош, Күләш, торқа болсын топырағың!

МУСИН Шахан.

ҚАЙРАН, ӘПКЕМ

Әсем үн, жылы мейірің, жыр жүрегің
Нұр құйып көкірегіме жүрді менің.
Мерт болдың ойда жоқта, қайран әпкем,
Қазақтың өнерінің жұлдызы едің!

Қапыда кілт тыйылды «Гәкку» әні,
Шуласты айдын көлдің аққулары.
Іздедік жан тебренткен нәзік үнді,
Сұм ажал бірақ оны таптырмады.

Тірілтіп, жаң бітіріп мұз жүректі,
(Арада мейлі жүз жыл, мың жыл өтті)
Сен едің алып келген бұл дәуірге
Кешегі шерге толы Қыз Жібекті.

Сағынған еркіндікті Сара жаны
Елімді сен арқылы аралады.
Тағдыры тамылжыған Татьянаның
Толғады, жүрегіңді жаралады.

Соларды кек жалыны қайнап өткен
Деп бүгін айта алмаймыз «қайда кеткен!»
Әдемнің сахнасына сіңлілерің
Шығарар,
көз жұмсаң да, қайран әпкем!

ӘЛІМҚҰЛОВ Нұрсұлтан.

Бар жүректе сақталасың

Бар еді бір от қанатты әнші құс. Сүюші едік, тыңдаушы едік бәріміз. Ғажап орман ортасында жапырақтарды аялап, көкті мақтап, күнді ардақтап, бақыт пенен шаттыққа әбін шырқаушы еді. Әл беретін шаршағанға, дем беретін қам көңілге, үні мен тілімен елге деген,ерге деген, жарға деген, досқа деген махаббат сырын естуші ек.

— Алтын қанат адам досы, қалаулысы қауымның, жасай бер, деуші ек қуанып.

Сайра, сайра, мақтанамыз, Күләш, деуші едік.

Сол Күләштан айрылдық. Ән жығылды, алтын қанат қайрылды. Ардагері, шаппай-озы қазақтың қыршынынан қиылды. Ерте сөнді ұлы жан, ерте тынды асқақ ән... Бәйтеректі ажал қырықты, құлатты, еріксіз бізді жылатты. Еңіреп тұрып: «қош!» — дейміз. Көмгеніміз, асыл Күләш, сені сүйген әр жүректің бөлшегі...

Мәңгі-бақи ұмытпас сені туған ел. Бар жүректе, бар қиялда сақталасың, Күләш жан!

ТӘЖІБАЕВ Әбділдә.